



Жамбыл облысының Жаңатас, Қаратау қалаларын аудандық маңызы бар қалалардың санатына жатқызу, Сарысу және Талас аудандарының әкімшілік орталықтарын көшіру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 12 мамыр N 3497

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы"
Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының
Z934200_

9-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Жамбыл облысының Жаңатас және Қаратау қалалары аудандық маңызы бар қалалардың санатына жатқызылсын.

2. Мыналардың әкімшілік орталықтары:

1) Сарысу ауданыныкі - Саудақент ауылынан Жаңатас қаласына;

2) Талас ауданыныкі - Ақкөл селосынан Қаратау қаласына көшірілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті